

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы қаңтардың 12-індегі N 31 қаулысын хабарлау туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1993 жылғы 9 ақпандағы N 64 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1993 жылғы 21 қарашада тіркелді. Тіркеу N 21. Күші жойылды - Ішкі істер министрлігінің 1995.11.20. N 263 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы қаңтардың 12-індегі "Қуғын-сүргін кезеңінде бұрынғы Кеңес Одағының түрлі аймақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына күштеп көшірілген Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгерту тәртібі туралы" N 31 P930031_ қаулысын хабарлай
о т ы р ы п б ұ й ы р а м ы н :

1. Қуғын-сүргін кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағына күштеп көшірілген азаматтардың паспорттарындағы ұлты туралы жазбаны өзгерту Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы тамыздың 17-індегі N 684 P920684_ қаулысымен бекітілген "Паспорттар мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны өзгерту ережелеріне" және Қазақстан Республикасы ПМ 1993 жылғы тамыздың 27-індегі N 266 бұйрығымен хабарлаған нұсқауға сәйкес жүзеге асырылсын.

2. Облыстық ПБ-ның, Алматы қалалық ПББ-ның және Ленинск қалалық ПБ-ның бастықтары паспорт аппараттарының жеке құрамының осы бұйрықпен хабарланған Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысын оқып
б і л у і н ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы ПМ паспорт жұмысы мен виза және тіркеу бөліміне, ПБ-ның Алматы қалалық ПББ-ның және Ленинск қалалық ПБ-ның бастықтарына жүктелсін.

Министр

Ішкі қызмет генерал-лейтенанты

